

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

демократическое развитие страны в новых условиях и придать импульс созданию нового и справедливого Казахстана.

В целом, регулирование права собственности на природные ресурсы в Казахстане сталкивается с рядом проблем, включая отсутствие прозрачности, коррупцию, неравномерное распределение выгод, ухудшение состояния окружающей среды и недостаточное участие местного населения. Решение этих проблем потребует большей прозрачности и подотчетности, более строгих правил и механизмов правоприменения, а также более значимого взаимодействия с местными сообществами.

Право собственности на природные ресурсы может быть признано в различных правовых системах и может варьироваться в зависимости от конкретного контекста и обстоятельств. Например, в некоторых странах частные лица могут иметь право владеть природными ресурсами на своей частной земле и контролировать их, в то время как в других странах государство может утверждать полную собственность и контроль над всеми природными ресурсами. Данное право может иметь значительные экономические, социальные и экологические последствия. Это может повлиять на такие вопросы, как управление ресурсами, их сохранение, доступ и распределение выгод. В некоторых случаях право собственности может привести к конфликтам по поводу использования и распределения ресурсов между различными заинтересованными сторонами, такими как частные землевладельцы, общины и правительства.

Список использованной литературы:

1. Карзенкова А.В. Право собственности на природные ресурсы. <https://cyberleninka.ru/article/n/pravo-sobstvennosti-na-prirodnye-resursy/viewer>
2. <https://legalns.com/конституции-стран-мира>
3. <https://rkrp-rpk.ru/2021/04/21/вся-нефтедобыча-в-казахстане-оказыва/>
4. <https://informburo.kz/novosti/zakon-o-tom-cto-zemlya-i-eyo-nedra-prinadlezat-narodu-kazaxstana-otpravili-na-podpis-prezidentu>

УДК 342.924

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІНДЕ ШАҒЫМДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Першеев Алишер Сапарбекович

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
заң факультетінің 2 курс докторанты,
ғылыми жетекші - з. г. к., профессор Сактаганова Индира Советовна*

Биыл Қазақстан Тәуелсіздігіне 32 жыл. Аз уақыт ішінде ел көптеген жетістіктерге жетті. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауының негізінде жаңа облыстар пайда болды[1]. Осының негізінде осы тақырыпқа сәйкес бірнеше әкімшілік әділет институттары пайда болып, шағымдардың көп болғаны жасырын емес.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік-процестік кодексін қабылдау біздің елімізде маңызды оқиға. Кодекс заң үстемдігінің маңызды атрибуты және азаматтардың барлық

сындарлы өтініштеріне дереу және тиімді жауап беретін "тыңдау шарттарының" сенімді тірегі болып табылады.

Күнделікті өмірде жеке және заңды тұлғалар Мемлекеттік органдардың қызметтеріне тұрақты жүгінеді және олармен өзара іс-қимыл жасайды. Жанжалдар да осы қатынастарға байланысты туындайды. Азаматтар мен заңды тұлғаларға сот тәртібімен өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығына кепілдік беру үшін мемлекет атынан өкілдік ететін басшы орган қызметінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Өлеуметтік құқықтық қатынастардағы адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі тетігі әкімшілік рәсімдік кодексі болып табылады.

Республика Президентінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы Жарлығымен азамат пен мемлекеттік орган арасындағы жария-құқықтық дауларды қарау үшін мамандандырылған округтік әкімшілік соттарды құрды.

Бұл заңнаманың бастапқы мақсаты - азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Кодекс нормалары өтінішті қарау процесін де, алынған жауапқа жүгіну тәртібін де нақты регламенттейді. Мемлекеттік органның апелляция жөніндегі шешіміне наразы азаматтардың сотқа жүгінуге құқығы бар. Жоғарыда аталған заңның 91-бабы шағымдану рәсімі деп аталады[2].

Әкімшілік процеске қатысушының әкімшілік актіні, әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) әкімшілік тәртіппен шағым жасауға құқығы бар. Егер әкімшілік орган немесе лауазымды адам осы Кодексте белгіленген мерзімдерде әкімшілік актіні қабылдаса, мерзім өткен күннен бастап әкімшілік орган әкімшілік актіні қабылдаудан бас тартылды деп есептеледі.

Шағымды әкімшілік тәртіппен сотта қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам жүзеге асырады. Шағым іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) билік шағымданған лауазымды тұлғаға әкімшілік орган қызметіне табыстап, әкімшілік актіге шағым беретін лауазымды адам болып табылатын әкімшілік орган әкімшілік істі шағымды қарайтын органға шағым әкімшілікке келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Шағым беретін әкімшілік органның үш жұмыс күні ішінде талаптарға сәйкес келмейтін арыз шағымдар болса, шағымды қарайтын әкімшілік органға жібермеуге құқылы. Біздің ойымызша қабылданбаған арыздардың иелеріне хабарлау қажет деп санаймыз.

Прокуратураның шағымдарды қарауы "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген негіздер мен шектер шеңберінде жүзеге асырылады. Бұдан басқа, әкімшілік актіге шағым жасау шағымдану мерзімінің 92-бабы болып табылады, Әкімшілік акт (әрекетсіздік) әкімшілік органға, лауазымды адамға әкімшілік процеске қатысушыға әкімшілік актінің қабылданғаны туралы белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей беріледі.

Дәлелді себептер бойынша қабылданған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше ереже көзделмесе, шағымды қарайтын орган әкімшілік рәсімге қатысушының өтініші бойынша бұл мерзімді қалпына келтіреді. Шағым берудің өтіп кеткен мерзімі шағымды қарайтын органның шағымды қабылдаудан бас тартуына әкеп соқпайды. Өтіп кеткен мерзімнің себептері шағымды қарау кезінде айқындалады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту негіздерінің бірі болады.

Шағымды қарау мерзімі шағым алынған күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды. Дәл осы жерде проблема 20 күн созуға не себеп? Ұсыныс ретінде жеті жұмыс күніне қысқарты керек деп ойлаймыз.

Осы бағыттағы проблемаларға байланысты ол азаматтық процесс кодексінен бөліну қажет. Іс жүзінде мәселе өзекті болып қала береді, оны азаматтық процестен бөлу әлі мүмкін емес. Апелляциядағы дәлелдер азаматтық процеске негізделген. Атап айтқанда, дәлелдемелерді дәлелдеу және құқықтық реттеу процесін құқықтық реттеудің тәртібі мен ерекшеліктері 128-бапта дәлелдемелер ретінде алуға болмайтын жария емес деректер, дәлелдеу нысанасы мен дәлелдемелер көздері, сондай-ақ нақты деректерді жинау, зерттеу,

бағалау және пайдалану тәртібі қамтылады. Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының актілеріне, шешімдеріне, әрекеттеріне, әрекетсіздігіне сотқа дейін шағымдану рәсімі туралы айта отырып, шағым жасаудың екі институтын бөліп көрсетуді ұсынамыз: ішкі ведомство және ведомстводан тыс.

Ішкі ведомство шағым жасау институты-бұл тікелей жоғары тұрған мемлекеттік орган (Жоғары тұрған лауазымды адам) жүзеге асыра алатын, қабылданған шешімді қайта қарау институты.

Шағым беру рәсімінің екінші институты – ведомстводан тыс. Қазақстан Республикасында бірқатар негізгі мемлекеттік ведомстводан тыс институттар бар, онда жеке заңды тұлғаның мемлекеттік билік органдарының шешімдеріне, актілеріне (мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне) шағыммен жүгінуге құқығы бар.

Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға өтініш жасау құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген. Кейбір мемлекеттерде, нақтырақ айтсақ, Австрия, Латвия және Венгрия елінде, жоғары тұрған мемлекеттік органдарға шағымдану кезеңі міндетті болып табылады, онсыз азаматтың сотқа шағымдануға құқығы жоқ [3]. Біздің елімізге дамыған елдердің тәжірибелерін алып, қолданысқа енгізілуі қарапайым халықтың жеңісі деп санауға болады. Алайда құқық қорғау органдарын дәрежесін қорлау емес, азаматтардың құқықтарын қолдау болып тұр.

Жоғарыдағы ұсыныстар өз шешімін тапқан жағдайда, жаңа Қазақстанның әкімшілік әділет жүйесі өсіп өркендеуі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 . Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы ... «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы». 2022 жылғы 16 наурыз.
2. Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
3. Сунгуров А. Әкімшілік шешімдерге шағымдану институты: әкімшілік әділет жолында. [Электрондық ресурс]. URL: <http://www.civicbook.ru>. (19.09.2018 ж. қол жетімді).

УДК 340.11:159.9

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ПРАВОСОЗНАНИЕ В СИСТЕМЕ ИНДИВИДУАЛЬНОГО ПРАВОСОЗНАНИЯ

Сактаганова Акмарал Бакытовна

*Докторант кафедры конституционного и
гражданского права Евразийского
национального университета им. Л.Н. Гумилева,
aridnis@mail.ru,
научный руководитель - д.ю.н., профессор
Абдрасулов Ермек Баяхметович*

В системе индивидуального и коллективного правосознания особое место занимает профессиональное правосознание. Прежде чем остановиться на признаках, понятии и